

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2013 жылдың 11 қазанындағы
№ 158 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2013 жылдың 16 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін, қаржы құралдарды және бағалы қағаздар эмитенттерін кодтау тәртібі туралы **НҰСҚАУЛЫҚ**

Алматы қ.

2013

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2014 жылдың 06 мамырындағы № 67 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2014 жылдың 12 мамырынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2015 жылдың 11 наурызындағы № 31 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2015 жылдың 12 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2015 жылдың 28 сәуіріндегі № 53 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2015 жылдың 29 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Нұсқаулық "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелеріне, қаржы құралдарына және бағалы қағаздардың эмитенттеріне қысқартылған белгі беру тәртібін анықтайды.

Қысқартылған белгілер (сауда-саттық кодтары) (бұдан әрі әрқайсысы жеке – Код) Биржа мүшелерін және қаржы құралдарын Биржаның сауда-саттық жүйесінде сәйкестендіру мақсатында, сондай-ақ, Биржа өзінің ақпараттық қызметін жүзеге асырғанда таратылатын ақпараттардың көлемін оңтайландыру мақсатында қолданылады.

1 бап. Биржа мүшелерінің кодтары

1. Биржа мүшелерінің Кодтары деп, уәкілетті органмен оларға лицензиаттар ретінде берілген, сәйкестендіру кодтары қолданылады.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін уәкілетті орган деп, бағалы қағаздар нарығында лицензиар функциясын жүзеге асыратын, мемелкеттік орган түсіну керек.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

2. Егер қандай да бір Биржа мүшесіне уәкілетті орган сәйкестендіру кодын бермеген болса, оның Коды Биржа мүшелерінің мониторингін жүзеге асыратын, Биржаның құрылымдық бөлімшесімен келесі тәртіпте анықталады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы және 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімдерімен өзгертілген):*

- 1) Биржа мүшесінің Коды латын әліпбиінің бас әріптерінен құралған бес таңбадан тұрады (осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
- 2) Биржа мүшесінің Коды, оның атауына ұқсас етіп құрастырылып, дыбысталуына жақын болуы тиіс;
- 3) егер түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы Биржа мүшелерінің атауы бірдей немесе ұқсас болса, осы Биржа мүшелерінің Кодтарында олардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын белгілейтін әріптерді қолдануға рұқсат етіледі;
- 4) Биржа мүшесінің Кодында сол жақтан екінші позициядан бастап " _ " (астын сызу) таңбасын қолдануға рұқсат етіледі;
- 5) түрлі Биржа мүшелеріне бірдей немесе ұқсас Кодтар беруге тыйым салынады;
- 6) Биржа мүшесінің атауы өзгергенде, оған алдында берілген Код, әдетте, өзгертілмейді.

2 бап. Шетел валюталары нарығындағы қаржы құралдарының кодтары¹

(Осы тақырыптама Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген).

1. Шетел валюталары нарығындағы қаржы құралдың коды Биржаның сауда-саттық жүйесін осы қаржы құралымен сауда-саттық ашылуына байланысты баптаумен, беріледі.

Шетел валюталары нарығындағы қаржы құралының Коды ISO 4217 халықаралық стандартына сәйкес валюталардың әліпбилік кодтары қолданылады.

¹ Қаржы құралдар мен бағалы қағаздар эмитенттер кодтарының мысалдары осы Нұсқаулықтың 16 бабында берілген.

Қаржы құралы кодының бөлігі болып табылатын, валютаның әліпбилік коды өзгеруге байланысты ISO 4217 стандарты жаңартылған жағдайда, шетел валюталары нарығындағы қаржы құралы Кодының бөлігі болып табылатын, валютаның әліпбилік кодының ISO 4217 стандартына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, осындай қаржы құралының Коды өзгертілуі мүмкін.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы және 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімдерімен өзгертілген).

2. Есептесуі T+0² болып саудаланатын (сауда-саттық болған күні жасалған мәміленің сол күні орындалуы), шетел валюталары нарығындағы қаржы құралының Коды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) саудаланатын шетел валютасының әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) саудаланатын шетел валютасымен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулер жасалатын валютаның әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) "_ " (астын сызу) таңбасынан;
 - 4) "TOD"³ әріптерінен құралады.
3. Есептесуі T+1 (сауда-саттықта жасалған мәміленің сауда-саттық күнінен кейін келесі жұмыс күні орындалуы⁴) болып саудаланатын шетел валютасы нарығындағы қаржы құралының Коды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) саудаланатын шетел валютасының әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) саудаланатын шетел валютасымен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулер жасалатын валютаның әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) "_ " (астын сызу) таңбасынан;
 - 4) "TOM"⁵ әріптерінен құралады.
4. Есептесуі T+2 (сауда-саттықта жасалған мәміленің сауда-саттық күнінен кейін екінші жұмыс күні орындалуы) болып саудаланатын шетел валютасының *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) саудаланатын шетел валютасының әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;

² Әлемдік практикада жалпы қабылданған биржалық мәмілелер бойынша есептесу мерзімдерін "T+n" деп белгілеу – мұнда T – мәміле жасалған биржалық сауда-саттық күні, n – аталған биржалық сауда-саттық күнімен мәміле бойынша есептесу күні арасындағы үзіліс ұзақтылығы (жұмыс күнмен).

³ "today" ("бүгін") ағылшын сөзінен қысқартылған.

⁴ Осында және әріректе осы тармақта жұмыс күн деп Қазақстан Республикасында жұмыс күн болып саналатын күнді түсіну керек.

⁵ "tomorrow" ("ертең") ағылшын сөзінен қысқартылған.

- 2) саудаланатын шетел валютасымен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулер жасалатын валютаның әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 4) "SPT"⁶ әріптерінен құралады.
5. Есептесуі сауда-саттық күнінен соң екі жұмыс күннен кейін болып саудаланатын шетел валютасы нарығындағы қаржы құралының Коды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*:
- 1) саудаланатын шетел валютасының әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 2) саудаланатын шетел валютасымен жасалатын мәмілелер бойынша есептесулер жасалатын валютаның әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;;
 - 3) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 4) "T"² әрібінен;
 - 5) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 6) шетел валютасының сауда-саттық күні мен осы сауда-саттықта жасалған мәміленің орындалу күні арасындағы жұмыс күндердің санын белгілейтін цифрадан құралады.

3 бап.

Валюталық своп операциясының кодтары

Валюталық своп операциясының Коды:

- 1) осы операцияның заты болып табылатын, шетел валютасының әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2) осы операцияның заты болып табылатын валютамен жасалған мәміле бойынша есептесу жүргізілетін шетел валютасының әліпбилік кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 3) "_" (астын сызу) таңбасынан;
- 4) осы валюталық своп операциясына кіретін мәміле жасасқан күн мен есептесуі ертерек мерзімде жүзеге асырылатын мәміленің орындалу күні арасындағы толық жұмыс күндер санына тең кезең ұзақтылығын белгілейтін бір цифрадан;
- 5) "_" (астын сызу) таңбасынан;
- 6) осы валюталық своп операциясына кіретін мәміле жасасқан күн мен есептесуі кешірек мерзімде жүзеге асырылатын мәміленің орындалу күні арасындағы толық жұмыс күндер санына тең кезең ұзақтылығын белгілейтін үш цифрадан құралады.

⁶ "spot" ағылшын сөзінен қысқартылған - әлемдік практикада жалпы қабылданған валюталық нарықтағы есептесу шарттарының атауы, шетел валютасын алып-сату мәмілесі бойынша есептесудің аяқталуы осы мәміле жасалған күннен кейінгі екінші жұмыс күні жүзеге асырылуын тұспалдайды.

4 бап. Беймемлекеттік бағалы қағаздар⁷ эмитенттерінің кодтары

1. Беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитенттерінің Кодтары:
 - 1) ISO 3166-1 халықаралық стандарттарына сәйкес, осы эмитент заңды тұлғасы болып табылатын мемлекеттің екі әріптік әліпбилік кодынан, осы баптың 2 тармағында қарастырылған ерекшеліктерден басқа;
 - 2) "_" (астын сызу) таңбасынан, осы баптың 2 тармағымен қарастырылған ерекшеліктерден басқа;
 - 3) осы эмитенттің сәйкестендіру кодынан тұрады.
2. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын, беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитенттерінің Кодтарында ISO 3166-1 халықаралық стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының екі әріптік әліпбилік коды ("KZ") және "_" (астын сызу) таңбасы қолданылмайды.
3. Беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитентінің сәйкестендіру коды бағалы қағаздардың листингіне жауапты, Биржаның құрылымдық бөлімшесімен, (бұдан әрі – листинг бөлімшесі келесі тәртіпте беріледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*):
 - 1) аталған эмитенттің сәйкестендіру коды төрт таңбадан тұрады, таңба ретінде латын әліпбиінің бас әріптері қолданылады;
 - 2) осы эмитенттің сәйкестендіру коды оның атауынан құралып, дыбысталуымен ұқсас болуы тиіс;
 - 3) осы эмитенттің сәйкестендіру кодында сол жақтан екінші позициядан бастап "_" (астын сызу) таңбасын қолдануға рұқсат етіледі;
 - 4) егер аталған эмитент банк болып табылса, оның сәйкестендіру кодында, әдетте, сол жақтан үшінші және төртінші позицияларында "BN" әріптері тұруы тиіс;
 - 5) егер аталған эмитент жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылса, оның сәйкестендіру кодында, әдетте, сол жақтан үшінші және төртінші позицияларында "PF"әріптері тұруы тиіс;
 - 6) түрлі беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитенттеріне бірдей немесе ұқсас Кодтар беруге тыйым салынады;
 - 7) беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитенттердің атауы өзгергенде, оған алдында берілген Код, әдетте, өзгертілмейді.

5 бап. Беймемлекеттік бағалы қағаздардың кодтары

1. Беймемлекеттік бағалы қағаздардың Кодтары (Кодтары осы баптың 2 тармағына сәйкес анықталатын, Биржа арқылы жекешелендірілетін мемлекеттік акциялар пакеті құрамына кіретін беймемлекеттік бағалы қағаздардан басқа, және негізгі активі болып Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған беймемлекеттік бағалы қағаздар болып табылатын, қазақстандық депозитарлық қолхаттар мен басқа да туынды бағалы қағаздардан басқа, олардың Кодтары осы Нұсқаулықтың 5 бабына сәйкес анықталады) листинг бөлімшесімен келесі тәртіпте анықталады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) жай акциялардың Коды ретінде олардың эмитентінің Коды қолданылады;
 - 2) артықшылықты акциялардың Коды:

⁷ Осы жерде және әріректе бағалы қағаздар деп эмиссиялық бағалы қағаздарды түсіну керек.

осы акциялар эмитентінің Кодынан;

"р"⁸ әрібінен;

Бір бағалы қағаздар эмитенті артықшылықты акциялардың бірнеше түрін шығарғанда – аталған артықшылықты акцияларды бір-бірінен ажыратуға мүмкіншілік беретін қосымша таңбалардан (әдетте, цифралар) тұрады;

- 3) бағалы қағаздар эмитенті заңды тұлғасы болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялардың немесе борыштық бағалы қағаздардың Коды:

Осы облигациялар (басқа да борыштық бағалы қағаздар) эмитентінің Кодынан;

"b"⁹ әрібінен;

Биржаның мәліметтеріне сәйкес, аталған облигациялар (басқа да борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін белгілейтін цафрадан (цифралардан) тұрады;

- 4) басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған (осы мемлекетке қатынасты аталған облигациялардың (басқа да борыштық бағалы қағаздардың) эмитенті заңды тұлғасы болып табылатын) облигациялардың немесе басқа да борыштық бағалы қағаздардың Коды:

осы облигациялар (басқа да борыштық бағалы қағаздар) эмитентінің Кодынан;

"e"¹⁰ әрібінен;

Биржаның мәліметтеріне сәйкес, аталған облигациялар (басқа да борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін белгілейтін цафрадан (цифралардан) тұрады;

- 5) арнайы кәсіпорынмен¹¹ шығарылған облигациялар немесе басқа да борыштық бағалы қағаздардың Коды:

осы облигациялар (басқа да борыштық бағалы қағаздар) бойынша міндеттемелерді орындауға кепілгер ұйымның және беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитенті ретіндегі осындай арнайы кәсіпорынның – жалғыз ұйымдастырушысының (қатысушысының, акционерінің) Кодынан;

"e"¹⁰ әрібінен;

Биржаның мәліметтеріне сәйкес¹², аталған облигациялар (басқа да борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін белгілейтін цафрадан (цифралардан) тұрады;

- 6) пайлық инвестициялық қор пайларының Коды:

⁸ "preference" және "preferred" ("артықшылықты") ағылшын сөздерінен қысқартылған.

⁹ "bond" ("облигация") ағылшын сөзінен қысқартылған.

¹⁰ "eurobond" ("еврооблигация") ағылшын сөзінен қысқартылған.

¹¹ "Special Purpose Vehicle" (жалпы қабылданған аббревиатурасы – "SPV") ағылшын сөз тіркесінен қысқартылған, қандай да бір мемлекеттің заңды тұлғасының жалғыз ұйымдастырушысы (қатысушысы, акционері) болып басқа мемлекеттің заңды тұлғасы табылып, бағалы қағаздарды аталған заңды тұлғалардың соңғысының кепілдемесімен және мүддесіне шығарады.

¹² Арнайы кәсіпорындардың облигациялар шығарылымдарының реттік нөмірін анықтау мақсатында Биржа, арнайы кәсіпорынмен шығарылған облигациялар эмитенті ретінде осы облигациялар бойынша міндеттемелерді орындау бойынша кепілгер ұйымды және аталған арнайы кәсіпорынның жалғыз ұйымдастырушысын (қатысушысын, акционерін) қарастырады.

осы пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясының Кодынан;

пайлық инвестициялық қорды белгілейтін кіші әріппен және/немесе цифрамен құралған бірегей тіркесімінен тұрады.

2. Биржа арқылы жекешелендіретін мемлекеттік акциялар пакетінің құрамына кіретін беймемлекеттік бағалы қағаздардың Кодтары листинг бөлімшесімен анықталады және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) егер бағалы қағаздар "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-нда ашылған депо есеп-шотында есепке алынса - "NZ" әріптерінен, егер осы бағалы қағаздар бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесінде ашылған дербес шотында есепке алынса - "Z" әрібінен;
 - 2) "_ " (астын сызу) таңбасынан;
 - 3) осы бағалы қағаздар эмитентінің Кодынан;
 - 4) аталған бағалы қағаздарды нақтырақ сәйкестендіру қажет болса - "_ " (астын сызу) таңбасы және осындай идентификацияға арналған таңбалар жиынтығынан тұрады.

6 бап.

Туынды қаржы құралдарының (негізгі активі беймемлекеттік бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздардың) кодтары

1. Қазақстандық депозитарлық қолхаттардың Коды листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) "KDR"¹³ әріптерінен;
 - 2) "_ " (астын сызу) таңбасынан;
 - 3) осы Нұсқаулықтың 4 бабының 1 тармағына сәйкес анықталған, қазақстандық депозитарлық қолхаттардың негізгі активі ретінде қолданылатын беймемлекеттік бағалы қағаздардың Кодынан;
 - 4) аталған қазақстандық депозитарлық қолхаттарды нақтырақ сәйкестендіру қажет болса - "_ " (астын сызу) таңбасынан және осындай идентификацияға арналған таңбалар жиынтығынан тұрады.
2. Негізгі активін беймемлекеттік бағалы қағаздар құрайтын, Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған (соның ішінде бірнеше атаудағы беймемлекеттік бағалы қағаздар), қазақстандық депозитарлық қолхаттардан басқа, туынды бағалы қағаздардың Коды листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) осы туынды бағалы қағаздар бойынша (егер аталған туынды бағалы қағаздар арнайы кәсіпорынмен шығарылса) міндеттемелерді орындау кепілгер ұйымның және беймемлекеттік бағалы қағаздар эмитенті ретіндегі осындай арнайы кәсіпорынның – жалғыз ұйымдастырушысының (қатысушысының, акционерінің) Кодынан;
 - 2) "d"¹⁴ әрібінен;
 - 3) аталған туынды бағалы қағаздарды нақтырақ сәйкестендіру қажет болса - "_ " (астын сызу) таңбасы және осындай идентификацияға арналған таңбалар жиынтығынан тұрады.

¹³ "Kazakhstan depository receipt" ("қазақстандық депозитарийлық қолхат") ағылшын сөз тіркесінен қысқартылған.

¹⁴ "derivative" ("туынды") ағылшын сөзінен қысқартылған.

7 бап. Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының кодтары

1. Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздарының Кодтары листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурысындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) "KZ" әріптерінен;
 - 2) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 3) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 2 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 4) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) аталған бағалы қағаздардың өтелу жылының соңғы екі цифрасынан;
 - 6) осы бағалы қағаздардың өтелу айының реттік санын белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) тұрады.
2. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 10-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифраның сол жағынан нөлмен толтырылады.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық бағалы қағаздардың өтелу айының реттік нөмірі 10-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифраның сол жағынан нөлмен толтырылады.

8 бап. Қазақстан Республикасы Үкіметі бағалы қағаздарының кодтары

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі бағалы қағаздарының Кодтары Биржаның сауда-саттық жүйесін осы бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты баптау кезінде Биржаның Ақпарат және талдау департаментімен беріледі және:
 - 1) латын әліпбиінің "MKM" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қысқамерзімдік қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МЕККАМ)); немесе латын әліпбиінің "MOM" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасы мемлекеттік ортамерзімдік қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МЕОКАМ)); немесе латын әліпбиінің "MUM" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақмерзімдік қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МЕУКАМ)); немесе латын әліпбиінің "MOX" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік ортамерзімдік қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МОИКАМ)); немесе латын әліпбиінің "MUX" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақмерзімді индекстелінген қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МУИКАМ)); немесе латын әліпбиінің "MUJ" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақмерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МЕУЖКАМ)) латын әліпбиінің "MOK" бас әріптерінен (егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік ортамерзімді арнайы қазынашылық міндеттемелеріне жатса (МАОКАМ))

- 2) осы бағалы қағаздардың айналыста болу мерзімін айлармен белгілейтін үш цифрадан, (осы баптың 2 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 3) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 4) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік санының соңғы төрт цифрасынан (осы баптың 2 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) тұрады.
2. Егер Қазақстан Республикасы Үкіметі бағалы қағаздарының айналыста болу мерзімі 100 айдан кем уақыт болса, осы мерзімді белгілейтін цифралар сол жағынан бір немесе бірнеше нөлдермен толықтырылып, цифралардың жалпы саны үшеу болуы тиіс.
- Егер Қазақстан Республикасы Үкіметі бағалы қағаздарының шығарылым реттік нөмірі 1000-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифралар сол жағынан бір немесе бірнеше нөлдермен толықтырылып, цифралардың жалпы саны төртеу болуы тиіс.

9 бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздарының Кодтары

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздарының Кодын осы бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты баптау кезінде Биржаның Ақпарат және талдау департаменті береді және:
 - 1) "NT"¹⁵ әріптерінен;
 - 2) осы бағалы қағаздар номинацияланған валютасының бір әріптік белгісінен (осы баптың 2 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 3) осы бағалы қағаздардың айналыста болу мерзімін күнмен белгілейтін үш цифрадан (осы баптың 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
 - 4) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірінің соңғы төрт цифрасынан (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) тұрады;
 2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары номинацияланған валютаның бір әріптік белгісі ретінде келесі әріптер қолданылады:
 - 1) "E" – еуроны белгілеу үшін;
 - 2) "J" – жапондық йенаны белгілеу үшін;
 - 3) "K" – қазақстандық теңгені белгілеу үшін;
 - 4) "U" – АҚШ долларын белгілеу үшін.
 3. Егер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздарының айналыста болу мерзімі 100 айдан кем болса, осы мерзімді белгілейтін цифралар сол жағынан бір немесе бірнеше нөлдермен толықтырылып, цифралардың жалпы саны үшеу болуы тиіс
- Егер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздарының шығарылым реттік нөмірі 1 000-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифралар сол жағынан бір немесе бірнеше нөлдермен толықтырылып, цифралардың жалпы саны төртеу болуы тиіс.

¹⁵ "note" ("нота") ағылшын сөзінің шартты қысқартылымы.

10 бап. Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарының Кодтары

1. Жергілікті атқарушы органдар бағалы қағаздарының Кодтары листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) атқарушы органның – осы бағалы қағаздардың эмитентінің - екі әріптік кодынан (осы баптың 2 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 2) осы бағалы қағаздар номинацияланған валютасының бір әріптік белгісінен (осы Нұсқаулықтың 9 бабы 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 3) осы бағалы қағаздардың айналыста болу мерзімін аймен белгілейтін үш цифрадан (осы баптың 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 4) " _ " (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірінің соңғы үш цифрасынан (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп) тұрады.
2. Жергілікті атқарушы органдарының екі әріптік кодтары ретінде, осы атқарушы орган жатқызылған, Қазақстан Республикасының аймағына қарау, екі әріптік комбинациялар қолданылады:
 - 1) "AS" – Астана қ. жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 2) "AL" – Алматы қ. жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 3) "AK" – Ақмола облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 4) "AB" – Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 5) "AT" – Алматы облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 6) "AR" – Атырау облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 7) "VK" – Шығыс-Қазақстан облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 8) "DZ" – Жамбыл облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 9) "ZK" – Батыс-Қазақстан облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 10) "KG" – Қарағанды облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 11) "KO" – Қызылорда облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 12) "KS" – Қостанай облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 13) "MG" – Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 14) "PV" – жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін Павлодарской области;
 - 15) "SK" – Солтүстік-Қазақстан жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін;
 - 16) "UK" – Оңтүстік-Қазақстан облысының жергілікті атқарушы орнанын белгілеу үшін.

2. Егер жергілікті атқарушы органдар бағалы қағаздарының айналыста болу мерзімі 100 айдан кем болса, осы мерзімді белгілейтін цифралар сол жағынан бір немесе бірнеше нөлдермен толықтырылады.

Егер жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарының шығарылым реттік нөмірі 1 000-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифралар сол жағынан бір немесе бірнеше нөлдермен толықтырылып, цифралардың жалпы саны төртеу болуы тиіс.

11 бап. Шет мемлекеттер бағалы қағаздарының кодтары

1. Шет мемлекеттер бағалы қағаздарының Кодтары листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) мемлекеттің – осы бағалы қағаздардың эмитентінің - ISO 3166-1 халықаралық стандарттарына сәйкес, екі әріптік кодынан;
 - 2) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 3) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін белгілейтін екі цифрадан (Биржадағы сандық қатарына сәйкес);
 - 4) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) осы бағалы қағаздардың өтелу жылының соңғы екі цифрасынан;
 - 6) осы бағалы қағаздардың өтелу айының реттік нөмірін белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 2 тармағындағы ерекшеліктерді ескере отырып) тұрады.
3. Егер шет мемлекет бағалы қағаздарының өтелу айының реттік нөмірі 100-ден кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифрасы сол жағынан бір немесе екі нөлмен толықтырылады.

12 бап. Халықаралық қаржы ұйымдар бағалы қағаздарының кодтары

1. Халықаралық қаржы ұйым бағалы қағаздарының коды листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) халықаралық қаржы ұйымының – осы бағалы қағаздар эмитентінің – төрт таңбалы кодынан (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 2) осы бағалы қағаздар номинацияланған валютасының бір әріптік кодынан (осы Нұсқаулықтың 9 бабы 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 3) осы бағалы қағаздардың өтелу күнін белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 3 тармағындағы ерекшеліктерді ескеріп);
 - 4) осы бағалы қағаздардың өтелу айының реттік нөмірін белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 5) осы бағалы қағаздардың өтелу жылының соңғы екі цифрасынан;
 - 6) осы бағалы қағаздарды нақтырақ сәйкестендіруге қажет болса – "_" (астын сызу) таңбасы және осындай сәйкестендіруге қажетті таңбалар жиынтығынан тұрады.
2. Халықаралық қаржы ұйымдарының төрт таңбалы кодтары ретінде келесідей таңбалық комбинациялар қолданылады:
 - 1) "ASDB" – Азиялық даму банкін (Asian Development Bank) белгілеу үшін;

- 2) "AFDB" – Африкалық даму банкін (African Development Bank) белгілеу үшін;
 - 3) "BIS_" – Халықаралық есеп айырысулар банкін (Bank for International Settlements) белгілеу үшін;
 - 4) "CEB_" – Еуропалық Кеңестің даму банкін (Council of Europe Development Bank) белгілеу үшін;
 - 5) "EABR" – Еуразиялық даму банкін белгілеу үшін;
 - 6) "EBRD" – Еуропалық қайта құру және даму банкін (European Bank for Reconstruction and Development) белгілеу үшін;
 - 7) "EIB_" – Еуропалық инвестициялық банкін (European Investment Bank) белгілеу үшін;
 - 8) "IADB" – Америкааралық даму банкін (Inter-American Development Bank) белгілеу үшін;
 - 9) "IBRD" – Халықаралық қайта құру для обозначения Международного банка реконструкции и развития (International Bank for Reconstruction and Development);
 - 10) "IFC_" – Халықаралық қаржы корпорациясын (International Finance Corporation) белгілеу үшін;
 - 11) "ISB_" – Исламдық даму банкін (Islamic Development Bank) белгілеу үшін;
 - 12) "NIB_" – Скандинавиялық инвестициялық банкін (Nordic Investment Bank) белгілеу үшін.
3. Егер халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарының өтелу күні айдың бірінші-тоғызынды жұлдызына келетін болса, осы нөмірді белгілейтін цифра сол жағынан нөлмен толықтырылады.
- Егер халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарының өтелу айының реттік нөмірі 10-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифра сол жағынан нөлмен толықтырылады.

13 бап.

Қаржы құралдарына (қаржы құралдарының бағасына) және қор нарығының индикаторларының мәніне фьючерстердің кодтары

1. Қандай да бір шетел валютасының қазақстандық теңгеге шаққан бағамына валюталық фьючерстің Коды листинг бөлімшесімен беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) "F"¹⁶ әрібінен;
 - 2) "_" (сызу) таңбасынан;
 - 3) осы фьючерстің базалық активінің кодынан (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 4) осы фьючерстің орындалу жылының соңғы екі цифрасынан;
 - 5) осы фьючерстің орындалу айының реттік нөмірін белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 3 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
 - 6) егер осы фьючерс қандай да бір атаудағы қаржы құралына фьючерс болып табылып, осы атаудағы қаржы құралын жеткізілім тұспалдаса, "_" таңбасынан (астын сызу) және "D"¹⁷ әрібінен құралады.

¹⁹ "futures contract" ағылшын сөз тіркесінен қысқартылған ("фьючерстік келісімшарт", "фьючерс").

2. Қаржы құралдарына (қаржы құралдарының бағаларына) және қор нарығының индикаторларының мәніне фьючерстердің коды ретінде келесідей таңбалық комбинациялар қолданылады:
 - 1) егер бұл фьючерс шетел валютасына немесе осы валютаның бағасына фьючерс болып табылса, Кодтың бірінші алты таңбасы шетел валютасының Кодынан;
 - 2) егер бұл фьючерс KASE Индексінің мәніне фьючерс болып табылса, "INKASE".
3. Егер қаржы құралына (қаржы құралының бағасына) немесе қор нарығы индексінің мәніне валюталық фьючерстің орындалу айының реттік нөмірі он цифрадан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифра сол жағынан нөлмен толықтырылады.

14 бап. Тазартылған алтын құймаларына фьючерстердің кодтары

1. Тазартылған алтын құймаларына фьючерстердің Кодтары осы қаржы құралдарының сауда-саттығы ашылуына байланысты Биржаның сауда-саттық жүйесін баптағанда беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) "F"¹⁶ әрібінен;
 - 2) "AU"¹⁸ әріптерінен;
 - 3) "LGD"¹⁹ әріптерінен – Good Delivery асыл металлдар нарығына қатысушыларының Лондондық ассоциациясы (The London Bullion Market Association) стандартына сәйкес келетін тазартылған алтын үшін; немесе "GST"²⁰ әріптерінен – ГОСТ 28058-89 "Құймалардағы алтын. Техникалық талаптар" немесе СТ РК 932-92 "Құймалардағы алтын. Техникалық талаптар"-ға сәйкес келетін, бірақ Good Delivery асыл металлдар нарығына қатысушыларының Лондондық ассоциациясы (The London Bullion Market Association) стандартына сәйкес келмейтін тазартылған алтын үшін;
 - 4) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) осы фьючерстің орындалу жылының соңғы екі цифрасынан;
 - 6) осы фьючерстің орындалу айының реттік нөмірін белгілейтін екі цифрадан (осы баптың 2 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескеріп);
 - 7) "D"¹⁷ әрібінен тұрады.
2. Егер құймадағы тазартылған алтынға фьючерстің орындалу айының реттік нөмірі 10-нан кем болса, осы нөмірді белгілейтін цифра сол жағынан нөлмен толықтырылады.

15 бап. Автоматты репо²¹ нарығындағы қаржы құралдардың кодтары

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағалы қағаздарымен (жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерінен

¹⁷ Сокращение английского слова "deliverable" ("подлежащий поставке", "поставочный").

¹⁸ "aurum" ("алтын") латын сөзінен қысқартылған.

¹⁹ "London Good Delivery" ("лондондық сапалы жеткізілім") ағылшын сөз тіркесінің аббревиатурасы.

²⁰ "мемлекеттік стандарт" сөз тіркесінің шарты белгісі.

²¹ "repo" ағылшын сөзінен – жалпы қабылданған "repurchase agreement" ("кейін сатып алу шартымен сату туралы келісім") сөз тіркесінен қысқартылған.

(МЕУЖКАМ) басқа) жүзеге асырылатын автоматты репо нарығындағы (репо операциясының) қаржы құралының Коды, осы бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты Биржаның сауда-саттық жүйесін баптау кезінде, Биржаның Ақпарат және талдау департаментімен беріледі²² және:

- 1) "REPO" әріптерінен;
 - 2) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 3) ISO 4217 халықаралық стандартына сәйкес осы репо операциясы валютасының кодынан;
 - 4) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) осы репо операциясының мерзімін күнмен белгілейтін үш цифрадан тұрады (осы баптың 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
2. Беймемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты репо нарығындағы (репо операциясының) қаржы құралының коды осы қаржы құралдарының сауда-саттығы ашылуына байланысты Биржаның сауда-саттық жүйесін баптағанда беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген):*
- 1) "R"²³ әрібінен;
 - 2) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 3) осы репо операциясының заты болып табылатын беймемлекеттік бағалы қағаздардың, осы Нұсқаулықтың 4 бабына сәйкес берілген, кодынан;
 - 4) "_" (астын сызу) таңбасынан;
 - 5) осы репо операциясының мерзімін күнмен белгілейтін үш цифрадан тұрады (осы баптың 3 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).
3. Егер репо операциясының мерзімі 100 күннен кем болса, осы мерзімді белгілейтін цифраның сол жағынан нөлмен толтырылып, цифралардың жалпы саны, "000" - деп белгіленетін Intraday²⁴ репо операциясының мерзімінен басқасы, үшеу болуы тиіс.

15-1 бап.

Неттингпен репо нарығындағы қаржы құралдарының кодтары

Неттингпен репо нарығындағы беймемлекеттік бағалы қағаздарының (репо операциясы) қаржы құралының коды, осы қаржы құралдарының сауда-саттығы ашылуына байланысты Биржаның сауда-саттық жүйесін баптағанда беріліп, мыналардан тұрады:

- 1) "R" әрібінен *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген);*
- 2) "_" (астын сызу) таңбасынан;
- 3) осы репо операциясының заты болып табылатын қаржы құралының, осы Нұсқаулықтың 5 бабына сәйкес берілген, кодынан *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген);*
- 4) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен алып тасталған);*

²² "тікелей" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының Кодтары осы репо операциялардың заты ретінде қолданылатын бағалы қағаздар кодтарымен дәл келсе.

²³ "repo" ағылшын сөзінен шартты қысқартылым.

²⁴ Intraday (ағыл.) – бір (жұмыс) күн ішінде (шегінде).

- 5) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен алып тасталған;*
- 6) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен алып тасталған;*
- 7) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен алып тасталған.*

(Осы бап Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген).

16 бап. Вексельдердің кодтары

Вексельер Кодтары осы қаржы құралдарының сауда-саттығы ашылуына байланысты Биржаның сауда-саттық жүйесін баптағанда беріледі және *(осы абзац Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен өзгертілген):*

- 1) "N"²⁵ әрібінен;
- 2) "_" (астын сызу) таңбасынан;
- 3) осы Нұсқаулықтың 4 бабында белгіленген тәртіпке ұқсас тәртіпте анықталған, осы вексельдер эмитенттерінің кодынан тұрады.

17 бап. Кодтардың мысалдары

1. Осы Нұсқаулықтың 2 бабына мысалдар (шетел валюталары нарығындағы қаржы құралдардың Кодтары) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2014 жылдың 06 мамырындағы шешімімен өзгертілген):*
 - 1) 2 тармаққа: "USDKZT_TOD";
 - 2) 3 тармаққа: "USDKZT_TOM";
 - 3) 4 тармаққа: "USDKZT_SPT";
 - 4) 5 тармаққа: "USDKZT_T_3".
2. Осы Нұсқаулықтың 3 бабына мысалдар (валюталық своп операцияларының Кодтары):
 - 1) "USDKZT_0_001" (сауда-саттық болған күні орындалған АҚШ долларын алып-сату мәмілесі және осы мәмілемен бір уақытта жасалған сол көлемде қарсы бағыттағы АҚШ долларын алып-сату мәмілесінің сауда-саттық күнінен кейінгі екінші жұмыс күні орындалатын мәміледен тұратын, валюталық своп операциясының коды);
 - 2) "USDKZT_1_002" (сауда-саттық болған күннен кейінгі орындалған АҚШ долларын алып-сату мәмілесі және осы мәмілемен бір уақытта жасалған сол көлемде қарсы бағыттағы АҚШ долларын алып-сату мәмілесінің сауда-саттық күнінен кейінгі екінші жұмыс күні орындалатын мәміледен тұратын, валюталық своп операциясының коды).
3. Осы Нұсқаулықтың 4 бабының 1 тармағына мысал (беймемлекеттік бағалы қағаздар Кодтары): мысалы, акционерлік қоғам – Қазақстан республикасының заңды тұлғасы (бағалы қағаздар эмитентінің Коды – ABCD) жай акциялардың шығарылымын және артықшылықты акциялардың екі шығарылымдарын жүзеге асырды, олардың бір-бірінен дивидендтер төлеу шарттары бойынша айырмашылығы бар, сондай-ақ облигациялардың шығарылымдары келесі кезекпен іске асырылған – бірінші шығарылым – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес,

²⁵ "note" ("нота", "вексель") ағылшын сөзінен қысқартылған.

екінші шығарылым – басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес; үшінші шығарылым – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес; осыдан басқа үшінші шығарылымды жүзеге асырғаннан соң осы ұйым үшінші шығарылымнан кейін, өзі жалғыз қатысушысы болып табылатын, өзінің жүзпайыздық кепілімен, арнайы кәсіпорынмен шығарылым жүзеге асырылды. Осы акционерлік қоғамның бағалы қағаздарына мынадай Кодтар беріледі.

- 1) жай акцияларға – ABCD;
 - 2) бірінші шығарылымдағы артықшылықты акцияларға – ABCDp1;
 - 3) екінші шығарылымдағы артықшылықты акцияларға – ABCDp2;
 - 4) бірінші шығарылым облигацияларына – ABCDb1;
 - 5) екінші шығарылым облигацияларына – ABCDe1;
 - 6) үшінші шығарылым облигацияларына – ABCDb2;
 - 7) арнайы кәсіпорынмен шығарылған облигацияларға – ABCDe2.
4. Осы Нұсқаулықтың 5 бабының 2 тармағына мысал (Биржа арқылы жекешелендірілетін мемлекеттік акциялар пакетіне кіретін, беймемлекеттік бағалы қағаздардың Коды): "NZ_ABCD_5_5".
 5. Осы Нұсқаулықтың 6 бабына мысал (қазақстандық депозитарлық қолхаттардың Коды): "KDR_RU_ABCD".
 6. Осы Нұсқаулықтың 7 бабына мысал (Қазақстан Республикасы халықаралық бағалы қағаздарының Кодтары): "KZ_03_0410".
 7. Осы Нұсқаулықтың 8 бабына мысал (Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағалы қағаздарының Коды): "MKM006_0099".
 8. Осы Нұсқаулықтың 9 бабына мысал (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бағалы қағаздарының Коды): "NTK028_0789".
 9. Осы Нұсқаулықтың 10 бабына мысал (жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарының Коды): "VKT036_003".
 10. Осы Нұсқаулықтың 11 бабына мысал (Шет мемлекеттер бағалы қағаздарының Коды): "RU_01_0507".
 11. Осы Нұсқаулықтың 12 бабына (халықаралық қаржы ұйымдары бағалы қағаздарының Коды): "EBRDU281208_03".
 12. Осы Нұсқаулықтың 13 бабына мысал (қаржы құралдарына (қаржы құралдарының бағаларына) және ұор нарығының индикаторларына фьючерстердің Кодтары):
 - 1) "F_USDKZT1311" (АҚШ долларының теңгеге бағамына жеткізілімсіз фьючерсінің коды);
 - 2) "F_INKASE1212" (код беспоставочного фьючерса на значение Индекса KASE);
 - 3) "F_GB_KZMS1402" (KAZAKHMYS PLC жай акцияларының бағасына жеткізілімсіз фьючерсінің коды);
 - 4) "F_HSBK1403_D" ("Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына жеткізілетін фьючерсінің коды).
 13. Осы Нұсқаулықтың 14 бабына мысал (Тазартылған алтын құймаларына фьючерстердің Кодтары):
 - 1) "FAULGD_0812D" (Good Delivery асыл металлдар нарығына қатысушыларының Лондондық ассоциациясы (The London Bullion

- Market Association) стандартына сәйкес келетін тазартылған алтынға фьючерстің Коды);
- 2) "FAUGST_0812D" (ГОСТ 28058-89 "Құймалардағы алтын. Техникалық талаптар" немесе СТ РК 932-92 "Құймалардағы алтын. Техникалық талаптар"-ға сәйкес келетін, бірақ Good Delivery асыл металлдар нарығына қатысушыларының Лондондық ассоциациясы (The London Bullion Market Association) стандартына сәйкес келмейтін тазартылған алтынға фьючерстің Коды).
14. Осы Нұсқаулықтың 14 бабына мысалдар (автоматты репо нарығындағы қаржы құралдарының Кодтары):
- 1) 1 тармаққа: "REPO_KZT_001" (автоматты репо нарығындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен репо операциясының Коды (жергілікті атқарушы органдарының бағалы қағаздарын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақтаушы қазынашылық міндеттемелерін (МЕУЖКАМ) қоспағанда));
- 2) 2 тармаққа: "R_ABCDb1_028" (автоматты репо нарығындағы акционерлік қоғамның – Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы (бағалы қағаздар эмитентінің Коды – ABCD) бірінші шығарылымы облигацияларымен репо операциясының Коды).
- 14-1. Осы Нұсқаулықтың 15-1 бабына мысал (Неттингпен репо нарығындағы қаржы құралының коды): "RN_ABCD" *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2015 жылдың 11 наурызындағы шешімімен енгізілген және 2015 жылдың 28 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген).*
15. Осы Нұсқаулықтың 15 бабына мысал (вексельдің Коды): "N_ABCD".

Президент

А.М. Жолдасбеков